

БЕКІТЕМІН

Қарағанды облысының
мәдениет, архивтер және
құжаттама басқармасының
басшысы

Е.М. Ағымбаев

«___» _____ 2018 жыл

**«Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ...»
атты дәстүрлі VIII Аманжолов оқуларының
ЕРЕЖЕСІ**

ҚАРАҒАНДЫ 2018

**«Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ...» атты дәстүрлі VIII Қасым
Аманжолов оқуларының
ЕРЕЖЕСІ**

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен Н.В. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы ақын Қасым Аманжолов шығармаларын насихаттау, халық арасынан талапты, талантты жастарды іздеп табу мақсатында **2018 жылғы 15 қарашада «Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ...» атты дәстүрлі VIII Қасым Аманжолов оқуларын** өткізеді.

Қасым оқуларының мақсаты:

- Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру;
- Ақын Қасым Аманжоловтың шығармаларын мәнерлеп оқу арқылы жастарды Отанын, елін, жерін, ұлтын, ана тілін сүюге тәрбиелеу, ақын өлеңдерінің өміршеңдігін дәлелдеу. Қасым мұрасын ғылыми түрде түбегейлі насихаттау;
- Жырға әуестігі бар жастарды Қасым жырларын қамти отырып, ақындыққа баулу;

2018 жылғы дәстүрлі Аманжолов оқулары 2 аталым бойынша өткізіледі:

1. «Ей, тәкаппар дүние, маған да бір қарашы...» аталымда Қасым Аманжоловтың шығармаларын жатқа оқу. (әр аймақтан өзіндік іріктеуден өткен 1 қатысушы ұсынылады)

2. «Дүниеге келер әлі талай Қасым» аталымда Қасым Аманжоловқа арнау және еркін тақырыптағы өлеңдер ұсынылады (барлығы 3 өлең).

Шарттары:

«Ей, тәкаппар дүние, маған да бір қарашы...» байқауы бойынша (әр аймақтық өзіндік іріктеуден өткен 1 қатысушы ұсынылады)

- 14 пен 25 жас аралығындағы жастар қатыса алады;
- Қ.Аманжоловтың өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқу; (өлеңдерінің саны мен көлемі, сапасы, дауыс ырғағы, мәнерлеп оқу шеберлігі сарапқа салынады)
- Байқауға қатысушы мәнерлеп оқуға ұсынылған өлеңдерді түгелдей жатқа білуі шарт;
- жүріс-тұрыс мәдениеті, сахна киімі, өзін сахнада ұстауы үлгілік дәрежеде болуы тиіс;
- қатысушы үміткер Қ.Аманжоловтың шығармашылығын жақсы білуі керек;
- орындау уақыты 5-6 минуттан аспауы тиіс;
- қатысушының жол ақысын жіберуші жақ не қатысушының өзі төлейді;
- қатысушының тамақтану шығындары шақырушы жақ есебінен;

- басқа облыстан келетін қатысушылардың жатын орын шығындары шақырушы жақ есебінен;

«Дүниеге келер әлі талай Қасым» байқауы бойынша

- 14 пен 25 жас аралығындағы жастар қатыса алады;
- ұсынылған шығармалар Қасым Аманжоловқа арналған болу керек және еркін тақырыпта барлығы 3 өлең ұсынылуы тиіс;
- әр өлең 100 жолдан аспауы керек;
- қатысушы үміткер Қ.Аманжоловтың шығармашылығын жақсы білуі керек;
- үміткерлердің байқауға ұсынылған шығармалары қайтарылмайды және пікір берілмейді;
- ұсынылған шығармалар жазбаша не электрондық нұсқада Microsoft Word файлды форматы түрінде (14 кегльде (шрифт), жоларасы 1 интервал, Times New Roman) жіберілуі керек;
- қазылар алқасының алдын-ала іріктеуінен өткен үміткерлер қорытынды шараға қатысады;
- қатысушының жол ақысын жіберуші жақ не қатысушының өзі төлейді;
- қатысушының тамақтануы шақырушы жақ есебінен;
- басқа облыстан келетін қатысушылардың жатын орын шығындары шақырушы жақ есебінен;

Үміткерлердің шығармаларын бағалау кезінде:

- Шығармашылық ізденісі;
- Ойдың дербестігі;
- Байқау тақырыбына сәйкестілігі;
- Автордың өзіндік көзқарасы мен қолтаңбасы;
- Орындау ұқыптылығы;
- Туындының көркемдік сапасы;
- Автордың сөз саптау мәнері;
- Сильдік ерекшелігі;
- Тақырыпты ашуы;
- автордың сөз саптау мәнері;
- барлық келіп түскен шығармаларды байқаудың қазылар алқасы алдын ала карап, талдау жасайды және бағалайды;

Ескерту: Бұрын баспасөз бетінде жарық көрген өлеңдер қабылданбайды. Ғаламтордан көшірілген материалдар қарастырылмайды. Бір үміткер бір номинацияға ғана қатыстырылады.

Қасым оқуларының жүлде қоры:

«Ей, тәкаппар дүние, маған да бір қарашы...» Байқауы бойынша

- Бас жүлде (біреу) – 150 000 (жүз мың) теңге
- I орын (біреу) – 100 000 (жүз мың) теңге
- II орын (екеу) - 50 000 (елу мың) теңгеден
- III орын (екеу) – 30 000 (отыз мың) теңгеден
- Ынталандыру сыйлығы (4) – 15 000 (он бес мың) теңгеден

«Дүниеге келер әлі талай Қасым» Байқауы бойынша

- Бас жүлде (біреу) – 150 000 (жүз мың) теңге
- I орын (біреу) – 100 000 (жүз мың) теңге
- II орын (екеу) - 50 000 (елу мың) теңгеден
- III орын (екеу) – 30 000 (отыз мың) теңгеден
- Ынталандыру сыйлығы (4) – 15 000 (он бес мың) теңгеден

Жеңімпаздарды марапаттау:

Байқау жеңімпаздарын арнайы құраммен белгіленген қазылар алқасы анықтайды.

Жеңімпаздарды марапаттау қараша айының 15 жұлдызында Қарағанды қаласында өтеді.

Байқауға қатысу үшін үміткерлер туралы мәліметті (үлгідегі кестеге сәйкес аты-жөні, жұмыс немесе оқу орны, тобы, сыныбы, жауапты ұстаздың аты-жөні байланыс телефондары көрсетіле отырып, жеке куәлігінің көшірмесімен қоса) және қатысатын шығарманы 2018 жылғы 20 қыркүйектен 25 қазанға дейін kraeved_2014@mail.ru электронды поштасына жіберу қажет.

Мекенжайы:

Н.В. Гоголь атындағы ОӘФК. Қарағанды қ., Ерубәев көшесі, 44;
Қосымша сұрақтар үшін байланыс телефоны: 7 7212- 49-33-75, 87017763819, 87007763819 – Сандуғаш Телпекбаева

**«Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ...» атты дәстүрлі VIII Қасым
Аманжолов оқуларына қатысуға өтінім үлгісі**

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған күні, айы, жылы	Республика өңірі	Жұмыс/оқу орны	Байланыс телефондары	Жетекші